

Әділетті Қазақстан

Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттың бірі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНЕ – 110



ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҮНЖАРИЯСЫ

2

«ЖАС ТҮЛЕК – 2023»



АЛТЫН ЖАУҒАН КҮН

6

ТУРНИР



ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ПОЛИЦЕЙЛЕР

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.06.2023

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.06.2023

Түнде:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №77 (6370) 24 маусым, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕМЬЕРА

«ЖОШЫ ХАН»

спектаклін Мемлекет басшысы көрермендермен бірге тамашалады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елордадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында сахналанған «Жошы хан» спектаклінің премьерасын көрермендермен бірге тамашалады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақорда» ресми сайты хабарлады.

6

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

МҮМКІНДІГІ МОЛ МЕГАПОЛИС

Елордада «Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» тақырыбында брифинг өтті



ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Қала әкімінің баяндамасынан кейін сұрақ-жауап сессиясы басталып, шаһар басшысы журналистердің сауалдарына жауап берді.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметшілер мен тәртіп сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтады.
- Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы әуе рейстерінің саны артады.
- Сенатта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі заң мақұлданды.
- Қазақстан Премьер-Министрі Грузия Премьер-Министрі Ираклий Гарибашвилимен келіссөз жүргізді.
- Германия президенті Әлихан Смайыловпен бірге Құрық портына барды.
- Демалыс күндері бірқатар облыста үсік жүреді.
- Оңтүстік Астанада Орталық Азия елдері мен Ресей Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының бірінші кездесуі өтті.
- Алматыда көлік қозғалысының сызбасына өзгеріс енгізіледі.
- Мегаполисте Beu fest музыкалық фестивалі өтеді.
- 25 маусымда «Медеу» бөгетіне дейінгі баспалдақ бойынша жыл сайынғы жарыс өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Президент Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевты қабылдады. Мемлекет басшысына мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту үшін қабылданып жатқан іс-шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Президентке биыл қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі педагогтардың еңбекақысы 30 пайызға өсетіні туралы баяндалды. Жыл соңына дейін балабақшаларда 81 мың орын ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 98 мың бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Оқу-ағарту министрінің айтуынша, педагогтарды аттестаттау рәсімі жетілдіріліп жатыр. Енді олардың кәсіби біліктілігі пәнді каншалықты жақсы білетініне қарай, ал жұмысының нәтижесі білім алушылардың оқу жетістіктері негізінде бағаланады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына Ауыл мектептерін дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Биыл техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80 пайызға тегін оқиды. Қыркүйек айынан бастап олардың шәкіртақысы 50 пайызға, ал келесі жылы 100 пайызға артады.

Кездесу соңында Президент Оқу-ағарту министріне білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне ұдайы көңіл бөлуді тапсырды.

■ СЕНАТ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның алғашқы отырысы өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мәселелері жөніндегі форумында сөйлеген сөзінде орнықты даму мақсаттары бойынша көздеген нәтижелерге қол жеткізу үшін шешуші шаралар қабылдау қажеттігін айтты. Соңғы жылдары елімізде бұл бағытта кейбір оң өзгерістер байқалады. Дегенмен, Орнықты даму мақсаттарының әлемдік прогресс рейтингінде Қазақстанның позициясы төмендеп отыр. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаңа баяндама жариялады. Соған сәйкес, біз шамамен 2020 жылғы деңгейге дейін төмендедік. Бұл елімізде орнықты даму саласы бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін салалар бар екенін көрсетеді», – деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында Сенат Төрағасы Комиссияның міндеттеріне бюджеттік параметрлерді қарау және бақылау да жататынына назар аударды. Ол алдағы күзде Парламентте жаңа Бюджет кодексі қаралатынын, сол кезде аталған мақсаттарды іске асыру жөніндегі негізгі қағидаттар белгіленуі керек екенін тілге тиек етті.

■ МӘЖІЛІС

Парламент Мәжілісіне Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралы делегациясы келді. Делегация палата вице-спикері Дания Еспаевмен және парламентаралық ынтымақтастық жөніндегі топ мүшелерімен кездесті.

Дания Еспаева елдеріміздің саяси жолдағы ынтымақтастығы терең тарихи байланыстарға негізделіп, өзара құрмет пен сенім рухында дамып келе жатқанын айтты.

– Моңғолия – Қазақстанның Азия өңіріндегі маңызды серіктестерінің бірі. Биыл Қазақстан мен Моңғолия арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 30 жыл толады. Біздің қарым-қатынасымыз өзара сенімге, мәдениеттеріміз бен дәстүрлеріміздің ұқсастығына негізделген, – деді Д.Еспаева.

Бұдан соң делегация «Қазақстан–Моңғолия» парламентаралық ынтымақтастық жөніндегі топ мүшелерімен кездесті. Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының депутаты, «Моңғолия–Қазақстан» парламенттік достық тобының жетекшісі, делегация басшысы Бәделхан Қабдисламұлы ел көпартиялы жүйеге көшіп, мемлекеттік деңгейде үлкен саяси реформалар жүріп жатқанын айтты.

– Депутаттар аралас жүйемен сайланатындай етіп заңға өзгеріс енгіздік. Келесі жылы 76 депутат – округтерден, 48 депутат – партиядан сайланатын болады. 2003 жылы сіздің Парламент басшылары Моңғолияға келіп, парламентаралық келіссөз жүргізген. Содан бері бұл байланыс баяулап қалыпты. Оны жандандырып, жаңа сатыға шығаруымыз қажет, – деді Б.Қабдисламұлы.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Әзербайжанға ресми сапары барысында осы елдің Президенті Ильхам Әлиевпен кездесті.

Үкімет басшысы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық сәлемін жеткізіп, әзербайжан халқының Жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің биыл аталып өтілетін 100 жылдық мерейтойының маңызы зор екенін айтты.

Ол екі ел арасындағы қарым-қатынастар сенім мен өзара түсіністікке негізделген стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жарқын үлгісі екенін атап өтті. Әзербайжан – Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы ең маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екі-жақты тауар айналымы 40%-ға өсіп, \$460 млн-нан асты. Биылғы 4 айдың қорытындысына сәйкес өзара сауда айналымы \$185 млн-ды құрап, 40%-ға артты.

«Тауар айналымын \$1 млрд-қа жеткізу жөніндегі алдымызға қойылған міндетке сәйкес, біз Әзербайжан Үкіметімен бірлесіп, сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту бойынша жұмыс істеп жатырмыз», – деді Әлихан Смайылов.

■ АМАНАТ

Партия жанындағы Аграрлық сектор мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің кезекті отырысында «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, 2022 жылы сәуірде «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» бекітілген еді. Ауыл тұрғындары жылдық 2,5% жеңілдікпен қарыз алу, кооператив құру және техниканы лизингке рәсімдеу кезінде көмек ала алады. Осы бағдарлама аясында АМАНАТ партиясы Үкіметпен бірге «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруда.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетов Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру мәселесіне басымдық бергенін атап өтті.

«Жалпы, алдағы 7 жылда ауыл тұрғындарының табысын арттыруға 1 трлн теңге бөлу көзделіп отыр. Бұл қадам ауыл шаруашылығында 350 мыңнан астам сапалы жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Партиямыздың сайлауалды бағдарламасында да ауылдың және ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға ерекше назар аударылды. «Ауыл аманаты» жобасы ауылдың тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың табысын арттыру мақсатында қолға алынды», – деді ол.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

АҚОРДА

ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕРДІ КЕҢІНЕН
ҚОЛДАНУ АСА МАҢЫЗДЫПрезидент Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің
отырысын өткізді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиынға Үкімет мүшелері және мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Іс-шарада, ең алдымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты негізгі сын-қатерлер талқыланды.

Жүргізілген талдау нәтижелері жөнінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ергалиев баяндама жасады.

Мемлекет басшысы баяндаманы тыңдаған соң саяси реформалармен қатар экономикалық және құқықтық өзгерістер де жүзеге асырылуы қажет екенін айтты. Үкімет пен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Қазақстанның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жос-

парын әзірлеу барысында бүгінгі талқылаудың нәтижелерін ескеру жөнінде тапсырма берілді.

Жиын барысында энергетика саласы мен тиімді тариф саясатын дамыту жөніндегі шараларға баса мән берілді. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде Энергетика министрі Алмасадом Сәтқалиев және Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндады.

Мемлекет басшысы «Тарифті инвестицияларға айырбастау»

бағдарламасын тиімді әрі уақытылы жүзеге асыру Үкіметтің басты міндеті екенін айтты. Президент жылу энергетикасы және энергия жүйесінің нысандары білікті кадрлармен қамтамасыз етілмегенін келесі өзекті мәселе ретінде атап өтті. Кадр тапшылығы мәселесін жедел шешу жөнінде тапсырма берілді.

Жиында ұлттық жобаларды әзірлеу мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын уақытылы әрі сапалы жүзеге асыру қажеттігіне назар аударды.

«Қолжетімді интернет» жаңа ұлттық жобасы туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин баяндады. Мемлекет басшысы министрдің баяндамасын тыңдап, аталған ұлттық жоба халықты қолжетімді және сапалы интернетпен қамтамасыз ету керек екенін баса айтты.

Бұдан бөлек, жиында денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын кешенді түрде дамыту мәселесі талқыланды. Бұл мәселе бойынша Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баяндама жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев бағдарламаны тиімді іске асыру және отандық өнімдерді кеңінен қолдану аса маңызды екенін атап өтті.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕ – 110

ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҮНЖАРИЯСЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Достық» үйінде «Қазақ» газетінің шыға бастағанына 110 жыл толуына орай, «Қазақ медиа» қауымдастығы ұйымдастырған басқосуда журналистер қазақ баспасөзінің бүгінгі қоғамдағы орнына, мән-маңызына тоқталып, газет-журналдардың таралымына байланысты қордаланған бірқатар мәселені шешу жолдарына қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Айнабай
МӘДІ

«...Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керек, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп, Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай, ХХ ғасырдың басында қазақ ұлтын ұйыстыратын ақпарат құралы – мерзімді басылымның қажеттігі туындады.

Сол ұлт үнжариясы – «Қазақ» газетінің жарық көргеніне, міне, 110 жыл толып отыр. «Қазақ» газеті ел өміріне етене араласты. Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовпен бірге Жанұзақ Жәнібеков (тарихшы С.Смағұлованың дерегінше) деген азамат белсене атсалысқан басылым, қазақ өміріне байланысты іргелі мәселелерді көтерді. Ел өміріндегі өте өзекті мәселелерді көтеріп қана қоймай, оның шешімін айтты. Бас-аяғы алты жыл ішінде газеттің 266 саны жарық көрді.

«Дөңгелек үстел» басындағы

пікірталас жиынды қауымдастық өкілі, танымал журналист Өміржан Әбдіхалықов жүргізіп отырды. «Қазақ газеттері» ЖШС директорының орынбасары, серіктестіктің Алматы филиалының жетекшісі Думан Анаш Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің мерекелік құттықтауын жеткізіп, бүгінгі қазақ газеттерінің жай-күйіне шолу жасады.

«Бүгінгі ақпарат құралдарына жаңаша шешім, жаңаша қадамдар жасалуы керек. Әлемде жүріп жатқан ақпараттық-психологиялық майдан соны көрсетіп отыр. Ақпараттық ықпал азаймай отырған шақта ақпараттық кеңістігіміз, ақпараттық шебіміз қорғалуы қажет. Ақпараттық стратегияның да керегі осы тұс. Көптеген басылым сыртқы келбетін өзгертіп, ішкі мазмұнына мән бермеуде. Бүгінгі заман – сапалы ақпарат дәуірі», – деді «Alatau aqparat» ЖШС бас директоры Ержан Қалымбайұлы.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

МҮМКІНДІГІ МОЛ МЕГАПОЛИС

Елордада «Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» тақырыбында брифинг өтті



(Басы 1-бетте)

Экономикалық индикаторы өсті

Алматы қаласының экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Мерзімді экономикалық индикатор 122,2%-ға жуықтады. «Мегаполисте экономика өсімінің драйверлері сауда (+27,2%), өңдеу өнеркәсібі (+24,4%), көлік және қоймалау (+16,7%) болды. Негізгі капиталға 484 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл ретте жеке инвестициялар 2,7%-ға, іскерлік белсенділік индексі 58,7 тармаққа дейін өсті. Еңбек нарығындағы жағдай тұрақты. Жыл басынан бері 29,4 мың жұмыс орны құрылды, оның 60%-ы тұрақты», – деді Е.Досаев.

Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілді. Бас жоспарда 2040 жылға қарай халық санының 3 млн адамға дейін өсу болжамын және экономиканың орташа жылдық 5%-ға артуын ескере отырып, 5 полиорталықтардың құрылымын біркелкі қалыптастыру қарастырылады.

Кәсіпкерліктің дамуы – мемлекеттің дамуы

Қала экономикасының құрылымында кәсіпкерлік ерекше орын алады. Сондықтан Алматы экономикасын әртараптандыру үшін өңдеу өнеркәсібін дамытуға баса назар аударылады. Бұл ретте заманауи экологиялық және кешенді технологиялар пайдаланылатын болады.

Қала басшысы ШОБ-ты қолдау және Алматының Индустриалды аймағын кеңейту жөніндегі шараларға тоқтала келіп, «Биылғы жылдың басынан бері 783 жоба қолдау тапты. Оның 3 мыңы басым бағыттар бойынша жоспарланған. Факторингтік мәмілелерді қаржыландыру үшін «Даму» қорымен бірлесіп қосымша 3 млрд теңге бөлінді. ШОБ бизнесіне несиелеу 59,6%-ға, ал белсенді бизнес субъектілерінің саны 38,6%-ға өсті», – деді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Алматының индустриялық аймағында 344 млрд теңгеге 9,7 мың жұмыс орнын құрумен 19 жоба іске асырылуда. Биыл 14 жоба пайдалануға беріледі.

Әлеуметтік нысандар бой көтереді

Алматыда Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2 жыл ішінде 37,1 мың оқушыға арналған 22 жайлы мектеп салынады. Бұдан басқа, 3970 орынды 9 білім беру нысанын іске қосу жоспарлануда.

Брифинг барысында Ерболат Досаев Балаларды қорғау күні Мемлекет басшысының қатысуымен Наурызбай ауданында инновациялық шығармашылық орталығы ашылғанын атап өтті. Оның қамтылуы – аптасына 5 мың бала. Осындай орталық 1 қыркүйекке дейін Алау ауданында ашылады. Сонымен қатар, жыл басынан бері 3 мыңнан астам студентті оқыту үшін колледждерде 3 құзыреттілік орталығы өз есігін ашты.

Бас жоспарға сәйкес Алматыда 200 жаңа мектеп пен 80 медициналық мекеме бой көтермек. Мегаполистің жаңа бас жоспарында әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымға қатысты қаланың теңгерімді дамуы ескерілген.

Сондай-ақ, қала басшысы 2023 жылы Мемлекет басшысының денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмасын ескере отырып, Алматыда 6 отбасылық-дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілетінін баяндады.

«Биыл жаңа стандарттар бойынша 2 нысан жаңғыртылып, 2024 жылы ҚМЖ басталуымен 7 емхана жобаланатын болады. Сондай-ақ, 2023 жылдың қыркүйегінде балалар шұғыл медициналық көмек орталығының операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесі ашылады. Ал 2024 жылдан бастап 10 стационарды жаңғыртуды бастауды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда тиісті жобалық құжаттар дайындалуда», – деді Алматы қаласының әкімі.

Оның айтуынша, денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың тапшылығын ескере отырып, жыл сайын 3340 маман мен 70 менеджерді үш деңгейлі оқыту бағдарламасымен қамту көзделген, сондай-ақ дипломнан кейінгі даярлыққа 140 грант бөлінді.

Тау туризмі алға басады

Биыл шетелдік туристер саны 450 мың, ішкі туристер саны 1,5 млн адамға өседі деген болжам бар. «Кіші және Үлкен Алматы шатқалдарында 3 кемпинг-аймақ және ұзындығы 150 шақырым болатын 10 тау-маршруты ашылады. Бұл бағыттар цифрландырылады», – деді әкім.

Туристтік инфрақұрылымды дамыту үшін Алматыда 16 глэмпингке арналған эко-қонақүй және 112 бөлмелі қонақүй ашылды. Жыл соңына дейін 27 мың төсек-орын туристер үшін дайын болады. Ал-

матының туристік әлеуетін іске асыру үшін Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп қала агломерациясы аясында Түргеннен Қаскеленге дейінгі тау кластерін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жыл соңына дейін аяқталады.

Ағаштар жаңа ережемен отырғызылады

Алматыда жалпы ауданы 97 га болатын бес жаңа саябақ құру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Қала әкімінің айтуынша, Алматыда жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғаудың жаңа ережелері қабылданды. Биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапырақты және кем дегенде 2,5 метр жапырақты көшеттер отырғызылады, міндетті түрде түбірімен. Бұл 2023 жылы жаңа көшеттердің санын 30%-дан 10%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оның айтуынша, жасыл қорды жаңарту және сауықтыру үшін биыл көктемде 20 мың көшет отырғызылған. Ал негізгі екпелер күзде өтеді – осы кезеңде көшеттер жақсы тамырланады. Әкімнің мәліметінше, 2023 жылы барлығы 320 мың ағаш отырғызылады. Сондай-ақ, 2,3 млн ағашқа 4 дүркін биологиялық өңдеу жүргізіледі.

Өткен жылы 205 жер учаскесі сатып алынды

ОКК брифингінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев журналисттер жерді мемлекеттік меншікке алу туралы сұрағына жауап берді. Қала басшысы сатып алынған учаскелер инфрақұрылым құруға, жасыл аймақтарды кеңейтуге және қаланың басқа да қажеттіліктеріне бағытталғанын атап өтті.

«2022 жылы жер учаскелерін сатып алуға бюджеттен 22,6 млрд теңге бөлінді. Биылғы жылы біз 32 млрд теңгеден астам қаржы бөлдiк, оның ішінде 17 млрд теңгеге бiз 6 ай ішінде радиалды жолдарды ұзарту, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, жаңа қоғамдық кеңістіктер құру, мектептер, емханалар, спорт залдарын қоса алғанда, құрылыс үшін учаскелерді сатып алдық», – деп атап өтті шаһар басшысы.

Баспасөз мәслихатында тұрғын үй мәселесі де айтылды. Қала әкімінің айтуынша, Алматы тұрғын үй қорын жаңарту жобасын дайындаудың соңғы сатысында тұр.

– Біз соңғы сатыда тұрмыз. Алматының тұрғын үй қорын жаңартудың 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын дайындау бойынша бірнеше итерация жасалды. Біз ескі тұрғын үйді бұзып қана қоймай, қандай жайлы қалалық орта құратынымыз туралы мәселені тұжырымдамалы түрде өзгертеміз, – деді Ерболат Досаев.

Жолдар жаңа технологиямен салынууда

Алматыда көлік желісін қалыптастыру туралы жұмыстар да назардан тыс қалмады. Үлкен Алматы айналма автожолына шығатын 6 радиалды жол салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Қазір Мөңке би көшесінде көлік жүріп жатыр, Саин және Рысқұлов даңғылының қиылысында ұзарту жұмыстары қолға алынған, Абай даңғылы, Солтүстік айналма және Тілендиев көшелеріне жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. «ҰААЖ салынғаннан кейін транзиттік көлік қалаға кірмейді. Бұл мегаполистегі кептелісті орта есеппен 20%-ға азайтады», – деді әкім.

Е.Досаев биыл қаланың 6 шағын ауданында 25 шақырым жаңа жол салуды және 200 шақырым орташа жөндеу, оның ішінде полимерлік қоспаларды пайдаланып 44 шақырым магистральдық көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлағанын да айтты. «Бұл жұмыс аясында механикалық және температуралық жағдайға төтеп беретін «қалқымалы» корпусы бар жаңа технология бойынша 8 мың люк орнатылады. Әрі жаңа технологияларды қолданып, жол инфрақұрылымын жаңғырту орташа жөндеу жүргізу мерзімін 5 жылдан 10 жылға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді», – деді ол.


ТҮЙІН: Шаһар басшысының елордада өткен брифингті 2 сағаттан аса уақытқа созылды. Осы аралықта 20-ға жуық журналист 50-ден аса сұрақ қойды. Тілшілер сауалдарын онлайн түрде модератор арқылы да жолдап отырды. Мегаполистігі маңызды мәселелерді көтерген БАҚ өкілдерінің сауалдарының ешқайсысы жауапсыз қалған жоқ.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2040 жылға қарай
Алматы халқының саны
3 МЛН адамға жетеді



Мегаполистің
экономикалық индикаторы
122,2%-ға жуықтады



Шаһарда
280 әлеуметтік нысан
бой көтереді



Биыл шетелдік туристер
саны **450** мың,
ішкі туристер саны **1,5** млн
адамға өсуі мүмкін



Жыл басынан бері
5000 жас
жұмысқа орналасты



2025 жылы **252** мыңнан
астам қала тұрғыны,
ал биыл соның **50** мыңы
орталықтандырылған
сумен жабдықтауға
қол жеткізеді



● МЕРЕЙ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік қызметшілер» күні мерекесі аталып өтті.

Іс-шараға қалалық әкімдік, департамент өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым мүшелері, мемлекеттік қызмет саласының мамандары, құрметті еңбек демалысындағы ақсақалдар, жас кадрлар, т.б. қатысты.

Шараның мақсаты – Қазақ мемлекеттілігінің айбынын асқақтату, дамыту, қоғамдағы мемлекеттік қызмет мәртебесін, абырой-беделін арттыру. Сондай-ақ, жас мамандардың бойында отаншылдық рухты күшейту.

Мерекелік кездесу кезінде хакім Абайдың ұлағатты ой-пікірлері мен елге еңбек ету қағидалары мысалға келтірілді.

Жиын барысында мемлекеттік қызмет саласында лауазымды қызмет істеп, бүгінде еңбек демалысына шыққан ардагерлер, өз ісінің кәнігі маманына айналған жандар әкімдік тарапынан марапатталды.

– Мемлекеттік қызмет істеу – абырой мен мәртебелі міндет. Ұдайы халықтың мүддесін алдыңғы орынға қойып, әрбір қабылданған шешімге жауапкершілікпен қарау қажет. Сонда ғана мемлекеттік қызметшінің беделі артады, – деді «Мемлекеттік қызметшілер» қоғамдық қорының президенті Мағзам Қасымов.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● БРИФИНГ

ТАУАР ТАҢБАСЫ

Зияткерлік меншік – әділет органдарының назарында

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте «Тауар таңбаларын құқықтық қорғау туралы» тақырып көтерілді. Бұл тақырыпты Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев тарқатты.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Зияткерлік меншікті қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі – тауар белгілерін қорғау. Тауар белгілерін тіркеу және қорғау заңнамаға және халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Сауда белгілері тұтынушылар үшін үлкен маңызға ие. Өйткені, олар тауарларды таңдауда нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Сол нұсқаулық арқылы біз тауардың сапасына, шыққан күніне назар аударамыз. Сауда белгілері, сондай-ақ өндірушілерге өз тауарын нарықта тануға және маркетингтік стратегияларды құруға көмектеседі.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта тауар белгілерін теріс мақсатта пайдаланатын, нәтижесінде контрафактілік өнімдердің көбейіп бара жатқаны алаңдатады. Бұл жағдай экономикаға да, тұтынушыларға да теріс әсер етуде.

«Зияткерлік меншікті, оның ішінде сауда белгілерін қорғау қазіргі экономиканың негізгі аспектілері болып табылатынын атап өткіміз келеді. Біздің мақсатымыз – құқық иеленушілердің құқығы мен заңды мүддесінің сақталуын қамтамасыз ету, тұтынушыларды контрафактіліктен қорғау және нарықта адал бәсекелестікті қолдау», – дейді Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев.

Спикердің сөзінше, биыл департамент тарапынан 16 әкімшілік іс қозғалған. Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 5 млн 186 мың теңгені құрайтын 6788 контрафактілік өнім алынған. Тауар таңбалары мен ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану бойынша, оның ішінде 11 құқықбұзушы әкімшілік

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

2025 жылға қарай қалада 37 100 оқушыға арналған жаңа 22 мектеп ашылады

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны белгілі. Оқушының сапалы білім алып, жан-жақты дамуына жағдай жасайтын жоба аясында Алматыда 2025 жылға қарай 37 100 оқушыға арналған жаңа 22 мектеп салынбақ.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Жайлы мектеп, бұл – балалардың қуана келіп, білім алғысы келетін мекен. Өйткені, бұл мектепте сапалы білім алу, даму және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалынады.

Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесінің мәліметінше, жаңа форматтағы білім мекемелері мектеп тапшылығы байқалатын аудандарда бой көтереді. Мәселен, Алатау және Наурызбай аудандарының әрқайсысында 5 білім беру мекемесі салынады. Бостандық ауданында – 4, Түркісіб ауданында – 3, Әуезов ауданында – 2, қалған аудандарда бір-бірден мектеп салу жоспарлануда.

Жауапты сала мамандарының айтуынша, қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Ал жалпы мектептердің құрылысы 2023 жылдың қарашасында сараптамадан өткеннен кейін басталады. Сондай-ақ, ағымдағы кезеңде қала әкімдігі мен бірқатар аудандардағы жер телімдерінің иелері арасында сегіз мектеп «толық құрылыс» жүйесі бойынша салынып, одан әрі пайдалануға беру туралы меморандумға қол қою жұмыстары жүргізілуде.

Ұлттық жоба аясындағы барлық мектептер бірыңғай стандарт бойынша салынады. Пәндік кабинеттер мен зертханаларды одан әрі жабдықтаумен қатар, құрылыс барысына қатаң бақылау орнатылады. Бұл ретте мектептерге қажетті материалдардың барлығы қазақстандық өндірістен болмақ. Яғни мектепке қажетті жиназдардың 95 пайызын



отандық өндірушілер дайындаса, құрал-жабдықтардың 60 пайызы өзіміздің ішкі нарықтан алынады. Сондай-ақ, құрылыс материалдарының 65 пайызы отандық өнімнен тұрады. Демек, бұл ұлттық жобаның отандық экономикаға тигізер пайдасы зор.

Жайлы мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға да қолайлы жағдай жасалады, жоғары жылдамдықты интернет жүргізіледі және бастауыш сынып оқушылары, жоғары сынып оқушылары үшін бөлек кіреберістер, сондай-ақ бөлек спорт залдары, асханалар орнатылады. Ауыр рюкзактар мәселесін шешу үшін мектептерде оқулықтарды сақтауға арналған бөлек шкафтар да қарастырылған. Жеделсаты, электронды кітапхана және хоккей корты да пайда болады. Әр қабатта пайдалы демалыс үшін коворкинг-аймақтар және ауызсеу бұрқақтары орнатылады.

Ең бастысы, мектептерде Face ID және QR-кодтарды қоса алғанда, есіктерді автоматты түрде құлыптаумен кіру және шығуды бақылау жүйесін енгізу жоспарлануда. Мектеп әкімшілігі бүкіл ғимарат пен мектеп аумағындағы жағдайды нақты режимде қадағалап отыруы үшін міндетті түрде бейнебақылау жүргізілетін болады.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, 23 маусымда, сағат 22.00-ден 26 маусым, сағат 7.00-ге дейін Алматы қаласының Бостандық ауданында Батыс Желтоқсан көшесі бойынша Ганди көшесінен оңтүстік бағытта Желтоқсан көшесі, 191-үйге дейін екі бағытта көлік қозғалысы шектеледі.

ЖОЛДАР УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Шектеу аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін магистральдық құбырды қайта құрылымдау жұмыстарына байланысты енгізілген. Осыған ұқсас жұмыстар 26–30 маусым аралығында да жүргізіледі. Бұл ретте Алматы қаласының Әуезов ауданында Сүлейменов көшесінен Пришвин көшесіне дейін Черепанов көшесінде автокөлік қозғалысы шектеледі. Аталған көшедегі қозғалыс екі жаққа да жабылады.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін магистральдық құбырға ағымдағы жоспарлы жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін уақытша шектеулер енгізіледі. Мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ИНСПЕКТОРЛАРЫ ІСКЕ КІРІСЕДІ

Биылғы 20 сәуірде Мемлекет басшысы 1 шілдеден бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне қол қойды. Аталған кодекс қазақстандықтардың туғаннан бастап қартайғанға дейінгі базалық әлеуметтік құқығын белгілейтін маңызды құжаттардың бірі болмақ.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің департаменті тарапынан осы кодекс нормаларын түсіндіру мақсатында жыл басынан бері 50-ден астам ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылған.

Бүгін біз «әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау» тақырыбын қозғағалы отырмыз. Иә, Әлеуметтік кодекс шеңберінде әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау көзделген, ол мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамту, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, жоюға және Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын тексеруге бағытталған. Әлеуметтік кодекске алғаш рет мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторы деген ұғым енгізілді.

Кодекске сәйкес әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары, мемлекеттік еңбек инспекторлары, уәкілетті органдардың лауазымды адамдары жүзеге асыратын болады.

Әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік инспекторлары ұсынылған бақылау функциялары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

Кодекске сәйкес әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік инспекторлары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бөлімшелерінің және «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалдарының зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін сақтау бөлігінде бақылау функцияларын жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, мемлекеттік бақылау уәкілетті органның шешімі негізінде әлеуметтік қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру, қалпына келтіру, қайта бастау және тоқтату кезінде төлемдерге арналған істердің электрондық макетін қалыптастыру мерзімдерін сақтауды жүзеге асыратын болады.

Бүгінгі күні республикалық бюджеттен зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерін тағайындауды ҚР Еңбек

және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық департаменттері жүргізеді. Өз кезегінде әлеуметтік тәуекел туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалдары тағайындайды.

Мемлекеттік корпорация өтініш пен қажетті құжаттарды қабылдау және зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді тағайындауға арналған шешімдердің жобаларын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, сондай-ақ республикалық бюджет пен МӘСҚ қаражатынан төлемдердің уақытылығы мен толықтығына жауап береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

А.АЙМАҒАМБЕТОВ,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті
Алматы қаласы бойынша департаментінің
басшысы:

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ӨСТІ

2023 жылғы 1 маусымдағы есеппен алсақ, Алматы қаласы бойынша зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың саны 626 мыңнан асады. Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті ай сайын орта есеппен 20 мыңнан астам төлем түрін қарастырып, тағайындайды. Кодекс нормаларын іске асыру мақсатында биылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың тағы 14,5 пайызына арттыру жүргізілгенін атап өткен жөн. Алматы қаласы бойынша асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 12 547 жәрдемақы алушыға және мүгедектігі бойынша 37 541 жәрдемақы алушыға арттыру жүргізілді. Жалпы, 2022 жылмен салыстырғанда мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 23 пайызға (оның ішінде биылғы қаңтардан бастап 8,5%-ға және шілдеден бастап 14,5%-ға) өсті.

Қайта есептеу уақытылы жүргізілді және биылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар адамдар мен асыраушысынан айырылған балалар жоғары мөлшерде жәрдемақы алатын болады.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС САБАҚТАСТЫҒЫ

Тарихи тұлғалардың қалыптасу
мәселелері талқыланды



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Философия, саясаттану және дінтану институтының Философия орталығы «Шығыс пен батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи тұлғалар: сабақтастықтың философиялық қырлары» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді. Оған белгілі қазақстандық ғалымдар мен халықаралық сарапшылар, қоғам қайраткерлері қатысты.



«Дөңгелек үстелге» қатысушылар қоғамды тұтас қайта форматтау жағдайында тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелерін талқылады.

— Өздеріңіз білетіндей, шығыс пен батыс жүйесінде ойшылдар аз емес. Ғұламалардың ізі тарихта сайрап жатыр. Қазақ халқының дана ақыны, хақим Абайдың «Толық адам» ілімін тереңірек ұғынуымыз қажет. Өйткені, онда адам бойындағы барша құндылықтарды топтап, жүйелеп, пәлсапалық ойлар айтқан. Халқымыздың ойшылдары батыс пен шығыс дүниетанымын, рухания-

тын білді. Електен өткізді. Сөйтіп барып, қоғамға ұсынды, — деді Философия орталығының директоры Серік Нұрмұратов.

Сонымен қатар, жиында әділ қоғам, дүниеге жанаша көзқарас, адамгершілік концепциялары туралы ойлар айтылды.

— Қазақтың ғұлама ойшыл ақын-жазушылары көп. Соның бірегейі данышпан Абайдың шәкірті, немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы еді. Оның әділеттілік турасында айтқан пайымдары осы күнге дейін өміршеңдігін жоймады, — деді зерттеуші Гаухар Барлыбаева.

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

ЖАС «САРБАЗДАР» әскери өмірдің қыр-сырына қанықты



Ұлттық ұланның 5574 әскери бөлімінің жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында «Жас бүркіт» спорттық-әскери патриоттық клубының оқушылары арасында алғаш рет далалық әскери оқу-жаттығу өтті.

Жиынға Алматы қаласындағы мектептерден «Жас бүркіт» спорттық-әскери патриоттық клубына мүше 50-ден аса бала мен жасөспірім қатысты.

Әскери іс-шараның мақсаты — өсіп келе жатқан жас буын мен әскерге дейінгі жастарға Отанымыздың тарихын оқыту негізінде, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, әскери қызметтің беделін және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының мәртебесін арттыру, әскери істі меңгеру және жастарды әскери қызметке физикалық дайындау. Сондай-ақ, балалардың, жасөспірімдердің және әскерге дейінгі жастардың моральдық бірлігін, әскери-патриоттық, спорттық және әскери-техникалық дайындықтарын шыңдау.



Болашақ сарбаздар үш топқа бөлініп, бір апта бойы күн тәртібіне сәйкес саптық дайындық, алғашқы медициналық көмек, топография, альпинизм, суда жүзу және спорттық дайындық пәндерінен білімдерін шыңдап, әскери өмірдің қыр-сырымен танысты. Қуанарлығы, алматылық жасөспірімдер бұл оқу-жаттығу іс-шарасына аса қызығушылықпен қатысты. Әскери өмірге бірталай жақын болғандарына мәз болған балалар осындай мүмкіндік жасаған үлкендерге алғыс айтты.

Нұр ЖАМАЛ.



● ПРЕЗИДЕНТ

«ЖОШЫ ХАН»

спектаклін Мемлекет басшысы көрермендермен бірге тамашалады



(Басы 1-бетте)

Койылым «Шыңғыс ордасы» мен «Қазақ ордасы» атты екі бөлімнен тұрады. Спектакльде Шыңғыс хан мен ұлы Жошы арасындағы қарым-қатынас, олардың ел басқару ісіндегі қабылдаған шешімдері, өмірінің белгілі кезеңдері кеңінен суреттеледі. Сондай-ақ, Ұлы даладағы түркі тайпаларын бір ұлысқа біріктіріп, Ұлытауда ордасын тіккен

Жошы оғлан бейнесі Қазақ мемлекеттігінің негізін қалаушы – Жошы хан дәрежесіне дейін көтеріледі.

Тарихи драманың авторы – белгілі жазушы-драматург Думан Рамазан, қоюшы-режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов.

Мемлекет басшысы қойылымды тамашалаған соң туынды авторымен және театр ұжымымен әңгімелесті.

– Құтты болсын! Өте керемет қойылым

болды. Шын мәнінде, пьесаның тақырыбы өте маңызды, өзекті. Мұндай туындылар халқымыз үшін қажет деп ойлаймын. Пьесаның тілі, мәтіні өте жақсы жазылған. Артистердің бәрі жақсы ойнады. Шеберлігі мықты екен. Біздің тарихымызды, тарихи құндылықтарымызды қазіргі күні халық арасында кеңірек дәріптеуіміз керек. Кейбіреулер қазақтардың өз тарихы, мемлекеті, елі болмаған деген сөздер айтып жүр. Ол – біздің тарихымызды бұрма-

лау. Өнерлеріңіз қашанда табысты болсын. Баршаңызға аманшылық тілеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент театр ұжымына шығармашылық табыс тілеп, өнер ордасына ұлттық мәртебе беру жөнінде шешім қабылдағанын айтты. Тиісті Жарлық алдымыздағы қазан айында Республика күні қарсаңында жарияланады.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

● «ЖАС ТҮЛЕК – 2023»

АЛТЫН ЖАУҒАН КҮН

Республика сарайының алдындағы Абай атындағы алаңда биылғы мектеп бітіруші «Алтын белгі» иегерлерін марапаттау рәсіміне арналған «ЖАС ТҮЛЕК–2023» салтанатты іс-шарасы болып өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы оқу жылын Алматы мектептерінде білім алған 14 876 жас түлек бітіріп отыр. Олардың 12 682-сі мемлекеттік, 2194-і жекеменшік мектептердің түлектері.

Биылғы оқу жылында мектеп бітіруші түлектер ерекше көрсеткішке қол жеткізіп, 474 түлек

«Алтын белгі» иегері атанды. Сонымен қатар, осы 474 түлектің ішінде НЗМ, РФММ, Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мектеп-интернатын бітірген 51 түлек те бар.

Салтанатты іс-шарада алдымен республикалық және халықаралық олимпиадалардың, жарыстар мен конкурстардың жеңімпаздары марапатталды. Осы жылдың өзінде Алматы қа-

ласының мектеп оқушылары Халықаралық зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда 7 алтын, 11 күміс және 23 қола медаль жеңіп алды.

Ашық аспан астындағы балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқан түлектер мерекесі жастардың орындауындағы «Мектебім – сағынышым» әнімен басталды. Осыдан соң түлектер шеруі басталып, алтын түстес белгі тағынған түлектер әп-сәтте алаң төрін толтырып, қатарласа тұра қалды.

Алғашқы құттықтау сөзді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева алып, үлкен өмірге қадам басқалы отырған түлектерге сәттілік тіледі.

Олардың республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардағы жеңістерін атап өтіп, қол жеткізген жетістіктерінің әлі де жалғасын табуын тіледі. Басқарма басшысы осынау жеңісті жолда балаларына тіреу болып, оларға бағыт берген ата-аналар мен еңбегі еш кетпеген ұстаздар қауымын да құттықтап, алғыс айтты. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде жоғары оқу орнында оқуға мемлекеттік білім беру грантын алуға басым құқығы бар екенін атап өтті.

Мерекенің шарықтау шегінде түлектер «Алтын белгі» белгісімен марапатталды. Түлектерге «Алтын белгі» білім саласына зор еңбегі сіңген қайраткерлер



мен 8 ауданның әкімдері табыс етті.

Түлектер Динайдың орындауындағы «Құс жолы» әнімен

соңғы рет мектеп вальсін биледі. Мерекелік кеш соңы Айқын Төлепберген, ALPHA тобы орындаған көңілді бағдарламаға ұласты.

ЖИЫН

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ

қоғам дамуының көрсеткіші

Алматыда XIII Азаматтық форумы өтті. Жыл сайын өтетін бұл форумның мақсаты – қоғамдық ұйымдарды бір жерге жинап, қаланың әртүрлі өзекті мәселелерін талқылау. Ерекше назар қала тұрғындарының мәселелеріне аударылды. Алматы қаласының Азаматтық Альянсы Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен ұйымдастырған жиынға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ҚБ, БҰҰ-ның өкілдері және азаматтық қоғамды дамыту саласындағы халықаралық сарапшылар қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

– XIII Азаматтық форумның өтуі қаламыз үшін үлкен жетістік. Осындай форматтағы пайдалы жиындарға қатысушылардың өзі ынта-ықылас білдіреді. Азаматтық форумға осыншалықты адамның қатысуы азаматтардың елімізде азаматтық қоғам қалыптастыруға бей-жай қарамайтынын көрсетеді, – деді қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Іс-шара барысында экология, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау және цифрландыру салаларында қала алдында тұрған міндеттерді шешу мақсатында жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылының өзекті мәселелері көтерілді. 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің басты мін-

деті азаматтық сектор, үкімет және бизнес өкілдерінің кездесуінің лейтмотивіне айналады.

Мұндай диалог форматы азаматтардың талап-тілектерін билікке жеткізудің оңтайлы жолы. Бір сөзбен айтқанда, форумнан кейін ТМД контекстінде экономикалық, әлеуметтік және құқықтық ілгерілеу үшін тиімді шешімдер мен ұсыныстар әзірленетін болады.

Форумның панельдік сессияларында экономикалық даму және инвестиция, білім беру және цифрландыру, кедейлік пен теңсіздікті азайту, денсаулық пен өмір сапасы, сыбайлас жемқорлықпен күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, құқық, тең гендерлік және адам құқықтары, экология және инфрақұрылым мәселелері талқыланды.

Форум қорытындысы бойынша құнды тәжірибелік ұсыныстар дайындалады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ҚАДЫРОВ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі:

АЛМАТЫ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДІҢГЕГІ

Бұл шара еліміздің барлық өңірінде өтеді. Өйткені, аймақтардағы азаматтық сектордың ұсыныстары мен міндеттері қабылданды. Өздеріңіз білесіздер, Алматы – тәуелсіздіктің бесігі және азаматтық қоғамның діңгегі. Азаматтық форумның республикалық деңгейде өтуі қоғамға үлкен серпіліс береді. Әртүрлі сала мамандары жиналған шарада айтылған әрбір мәселені іске асыру өте маңызды. Қоғамдық ұйымдар мен азаматтық сектордың тиімді жұмысы үшін заңнамалар өзгеріп жатыр. Министрлік тарапынан азаматтық қоғамды нығайтуға бағытталған бірнеше бастама іске асуда.

Бейбіт БАТЫРБЕКҰЛЫ, «Social Development Center» қоғамдық қорының өкілі:

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУЫ КЕРЕК

Азаматтық қоғамның қалыптасып, әрі қарай дамуы үшін таптырмас жиын деп ойлаймын. Әр елдің дамуы үшін азаматтық қоғамы мықты болуға тиіс. Осындай форумға әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар, жергілікті және орталық билік органдарының өкілдері қатысып, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу жолдары талқыланады. Тек талқыланып қана қоймай, форум аясында көтерілген маңызды мәселелер шешімін табуы керек.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Әуе толқынында – «ДИМАШ»



Польшада қазақтың маңдайына біткен Димаш Құдайбергеннің құрметіне ашылған «Димаш» деген радиостанция бар. Жұмыс істеп тұрғанына үш жылға жуықтаған. Ал былтырдан бері қазақ тілі курсы жүргізуді қолға алышты.

Күміс көмей әншіміздің шығармашылығы мен қазақ мәдениетіне арналған «Димаш» тек жергілікті Польша ғана емес, бүкіл Еуропалық одақ елдеріне тарайды. Аталған радиостанция әуе толқынында үздіксіз, тәулігіне 24 сағат жаһанға хабар таратады.

Әуе толқынының тыңдармандары Димашты ғана емес, барша қазақстандық әншілерді тыңдап, шығармашылығымен таныса алады. Сондай-ақ, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениеті, руханияты жайлы дәріптеледі.

«Димашты» Димашымыздың польшалық фанаттары ашқан.

«Мен Димаштың шығармашылығымен Singer байқауының арқасында таныстым. SOS – керемет ән. Бірден қызығушылық танытып, Димаштың келесі концерті қайда болса да, мен оның дауысын өз құлағыммен естуім керек» деп шештім. Араға бір ай салып Димаш Лондонда концерт берді, мен де бардым. Сосын маған радиостанция ашу керек деген идея келді. Біздің демеушілеріміз жоқ, бізге жанкүйерлер көмектеседі. Бәріміз тегін жұмыс істейміз», – дейді «Димаш» радиостанциясының негізін қалаушы З.Кужинский.

Қазақ елін әлемге танытып жүрген Димаштай алтын ұлдан айналдық!

ҚЫЗ МҰҢЫ

Еліміздің маңдайалды өнер ошағы – Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында алдымыздағы жексенбіде «Қыз мұңы» деген спектакль болады. Туынды авторы – белгілі ақын И.Сапарбай.



Спектакльдің қоюшы-режиссері – ҚР еңбек сіңірген артисі Т.Аралбай, ал көркемдік жетекшісі – Қазақстанның халық артисі Е.Обаев.

Иә, бұл спектакльдің премьерасының өткеніне де бірнеше жылдың жүзі болған. Бірақ актуальдылығын, құнын жоғалтпаған тақырып. Сондықтан да көрермен сұранысына ие. Лирикалық драманың арқауы – бүгінгі күн.

...Алматының Арбатында сурет салып отырған Ғазизге өз құрбылары арасынан даралана көрінген Сағыныштың ұнап қалуында әлдебір сыр бар. Ол Сағынышты

әлдекімге ұқсатады. Бір кездегі ызғарлы Желтоқсан оқиғасы кезінде бастарынан қиындық-қорлықты бірге өткерген аруға ұқсайтындай ма, қалай?!

Сағынышты іздеу жолында суретші кешегі «бұйрықты орындаушы» лейтенант, «бұйрықты орындап жүріп» бүгінгі күні шені өскен генералдың алдынан бірақ шығады...

Сырлы да мұңды әуендермен көмкерілген спектакль Ғазиз бен Сағыныштың адами болмыс, мөлдір махаббатынан сыр шертеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ТАТУЛЫҚ

ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

тақырыбында республикалық семинар өтті

«Достық» үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестік, қоғамдық құрылымдар мен жастарға арналған «Қазақстандық қоғамдағы діннің рөлі» тақырыбында ақпараттық-әдіснамалық республикалық семинар өтті.



Айнабай
МӘДИ

Семинарды ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану орталығының директоры Алмасбек Шағырбай жүргізіп отырды. Тақырыпқа орай семинарға қатысушылар алдында Достық үйінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Нұрсәуле Альтекова, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Әсия Айқанова сөз сөйледі. Семинарға қатысушыларға VII Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі туралы бейнетүсірілім көрсетілді. Алматы қалалық Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов, республикалық «Вайнах» шешен-ингуш қауымдастығының төрағасы Ахмед Мурадов, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану орталығының директоры Алмасбек Шағырбай, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының өкілі, Алматы орталық мешітінің набиимамы Тимур Алиев, Алматы қаласының бас раввині Эльханан Коган, Вознесенск кафедральді соборының диаконы Кальво Эдуардо экей (электронды бейнежазба) баяндама жасады.

– Бабаларымыз ислам дініне ден қойып, мұсылманишылыққа мойын бұрса да, оны насихаттаған жоқ. Дін де терең түсінікті қажет ететін күрделі дүние, наным-сенім. Өмірдің сан тарауын бастан өткеріп, кемеліне келген кезде ғана аталарымыз сәждеге бас иді. Соның өзінде дінді дәстүрден бұрын қоймай, қоса алып жүрді. Бүгінгі семинардың мақсаты – діннің еліміздегі, қазақстандық қоғамдағы орнын анықтау, талқылау, қиындық кезіккенде оның шешу жолдарын табу, – деген Алматы қалалық Дін істері



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

басқармасының басшысы Нұрлан Қықымовтың сөзінен мәселенің мәнісі аңғарылады.

Дін істері басқармасы басшысының сөзіне сүйенсек, елімізде 18 конфессия болса, соның 17-сі Алматыда тіркелген. Осыдан-ақ шаһарымыздағы дінаралық қатынас пен рухани келісім деңгейінің салмағын түсіне беріңіз. *«Бұрын елімізде 42 конфессия болса, қазіргі саны – 18. Сонда қалған 24-і секта болғаны ма?...»*, – деген А.Мурадовтың да сөзі жиылған қауымды ойлантып тастағандай. Жасыратыны жоқ, қанды Қаңтар оқиғасы кезінде әсіредіншілдердің тым белсенді болғанын білеміз. Экстремизм мен терроризмге қарсы күресетін құзырлы, пәрменді құрылымдар мұндай топтардың іс-қимылына дер кезінде тоқтам салғаны анық.

Семинарда баяндамаларға қатысты сауалдар қойылып, тиісінше жауаптар алынды. Дін – өте нәзік те күрделі мәселе. Ата Заңымызда дін мен мемлекеттің бөлектігі тайға таңба басқандай жазылса да, дін – біздің жанымызда, ал біз оның ішінде тәріздіміз. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ұлы Абай «Азаматтың бәрін сүй, бауырым деп» деді ғой. Еліміздегі ұлт пен ұлыстың тату-тәтті тірлігі, ынтымақты береке-бірлігі ауызбіршілікте, өзара келісімде екені сөзсіз. Жиылған жамағат, қауымдастық өкілдері бұл басқосудан осындай ой түйгендей.

ҚАУІПСІЗДІК



ҚАҢТАРДАН ҚАЛҒАН ҚАРУ

Биылғы сәуір-мамыр айларында Ұлттық қауіпсіздік комитеті полиция, сондай-ақ прокуратура органдарымен бірігіп, заңсыз сақталған, соның ішінде Қаңтар оқиғасы кезінде ұрланған қару-жараққа қатысты бірқатар жедел-іздестіру іс-шарасын жүргізген болатын.

«Іс-шара нәтижесінде 42 бірлік (бір-бірден «МР-40» автоматты, Драгунов мерген винтовкасы, 22 мылтық, 18 тапанша) қару-жарақ анықталып, алынды. Мұның ішінде 8 гранат, РПГ-нің екі снаряды, түрлі калибрдегі 4051 патрон, бронезилет, автомат оқтары, радиостанция, пышақтар бар», – деп мәлімдеді ҚР ҰҚК-нің ресми өкілі Өркен Әбдіғали.

Аталған айғақтар бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Заңсыз айналымдағы қару-жарақтарды іздестіру мен алынған айғақтарға қатысты іс-шара жалғасуда.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БӘРІМІЗГЕ ҰНАДЫ

Үлкен Алматы айналма жолымен жүріп көрдік

Жақында еліміздегі ірі жол-көлік инфрақұрылымдарының бірі – Үлкен Алматы айналма жолы пайдалануға берілді. Бүгінде айналма жолмен ауыр жүк көліктері де, жеңіл автокөліктер де жүйткіп жатыр. Тақтайдай тегіс, түп-түзу жаңа жолмен алғашқылардың бірі болып кеше біз де жүріп көрдік. Ұнады!



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Мен Алматыдан 12 шақырым жерде орналасқан Панфилов елдімекенінде тұрамын. Демалыс күндері «Асыл арман» шағынауданында тұратын әкемнің үйіне бармақ болып, отбасымызбен жолға шықтық. Жағымды жаңалық әрқашан халық аузында, көптің көңілінде жүреді ғой. Айналма жолдың ашылғанын естіген жұбайым жаңа жолмен жүріп көргісі келіп: «Жаксыны көрмекке» деген. Кеттік, БАКАД-пен...» деді де, бағытын ҰААЖ-на қарай бұрды. Әдетте балашағамызбен көліктің артқы жағында алаңсыз әңгіме айтып баратынбыз. Бұл жолы мүлде бейтаныс болған соң жан-жағымызға таңырқай қараумен болдық. Көлігіміз 120-мен жүйткіп келеді. Әбден көлік тығынынан зәреzap болған балаларымыз да көлігі аз, кептелісі жоқ көшемен тоқтамай келе жатқанына мәз. Бірақ қанша айтқанмен жол бөтен. Оның үстіне айналма жолдың кестесін де онша дұрыс білмейміз. «Адасып, басқа жаққа кетіп жүрмесек игі еді...» деген күмәнді ой да арақидік қылаң беріп қояды. Жұбайым оның да шешімін тапқандай. Көлік жылдамдығын сәл азайтып, жолай кетіп бара жатқан көліктердің жүргізушілерінен жөн сұрады.

– Мына жол «Алтын Ордаға» апара ма?
– Барады! Заулай беріңіз! – деді «Тойотаның» жүргізушісі. Дұрыс келе жатқанымызға кәдімгідей қуанып қалдық. Сонымен, несін айтасыз, бұрын «Алтын Орда» жаққа қаладағы көлік кептелісімен кем дегенде 2 сағаттан аса уақыт жұмсап баратын жерімізге, «сіздерге өтірік, бізге шын», айналасы 40 минутта жеттік.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

– Бұл енді арасында жылдамдықты азайтып, адасып кетпейміз бе деген күдікпен жай жүргеніміз. Егер ешкімге жолай алаңдамай, жол жүру жылдамдығын 120-дан түсірмесек, діттеген жерімізге бұдан да тез жететін секілдіміз, – деді жұбайым Райымбек даңғылына қарай бұрылып жатып.

Естіуімізше, бұл жолды жоспарға сәйкес 2024 жылы қолданысқа беруі керек екен. Мамандар қарқынды жұмыстардың нәтижесінде нысанды мерзімінен бұрын тапсырыпты. Кеше біз осылайша жаңа жолмен жүріп көрдік. Жол жап-жаңа, түп-түзу. Жиктерінің барлығы арнайы белбеулермен қоршалған. «Автомагистральда тоқтауға тыйым салынады!» деген жазулар жолдың қателікті кешірмейтінін еске салатындай... Сондықтан көлік жүргізушілері барынша мұқият болғаны жөн. Ең бастысы, тоқтауға болмайтын үлкен жолға көлігіңіз сай болсын деңіз.

Аталған автожол мегаполис көшелеріндегі және қала маңындағы кептелісті азайтып, экологиялық жағдайды жақсартады. Демек, мұндай жол көлік жүргізушіге де, жолаушыға да шабыт сыйлайды. Ең бастысы, осы жолды салуда қаншама еңбек адамының маңдай тері бар екенін ұмытпасақ болғаны!

А.ҚЫДЫР.



ЖАҢА КІТАП


Жуырда жаңарып-жасарған, түркі әлемінің рухани астанасы – қасиетті Түркістан қаласына барған сапарымызда «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қоры мен Түркістан облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген Қожаберген жырау Толыбайұлының «Елім-ай» дастаны қолымызға тиді. Ұлтымыздың даңқты перзенті, ержүрек қолбасшы батыры Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының 300 жылдығына орайластырылып шығарылған кітап бұрын да Қазақ хандығының 550 жылдығында көпшілік оқырман сұрауымен төртінші рет басылып шықса, биыл «Елім-ай» дастанының алғаш жарық көргеніне 300 жыл толуына орай бесінші рет жарық көрген.

«Елім-ай» дастан кітабы көркем безендіріліп, түрлі-түсті суреттерімен сапалы қағазға басылып шыққан екен. Уақыт алға жылжыған сайын бұдан үш ғасыр бұрын қазақ халқының қиын-қыстау кезеңі мен жаугершілік замандағы ерлік жорықтарының кен ауқымды шынайы болмысын жасаған жыр дастан алдағы кезде де талай мәрте баспа жүзін көріп, келешек ұрпақ санасында жаңғыра берері анық. Жыр дастанның көркемдік қуаттылығы мен тақырып аясының өміршең өзектілігі жас ұрпақ бойындағы отансүйгіштік сезімінің арқауына айнала береді.

Жыр жауһарының авторы Қожаберген жырау Толыбайұлы Тәуке хан дәуірінде өмір сүріп, ел басқару ісіне белсене араласқан тарихи тұлға. Тәуке хан тұсында көшпенді халықтың ел билеу ісіндегі «Жеті жарғының» өмірге келуіне дәнекер болған жанның бірі. 1688 жылы Өз Тәуке бастаған билер кеңесінің ұйғарымымен 25 жастағы Қожаберген батыр ордабасы – бас әскери қолбасшы болып сайланып, ширек ғасыр жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ, ноғай және қарақалпақ жасақтарына басшылық етеді. Бойынан күш-қайраты ортайған шағында ханның басқаруындағы ел жақсыларына өтініш білдіріп, өзінің орнына бас қолбасшылыққа Қанжығалы Бөгенбайды сайлатады.

Қожаберген жыраудың 1723 жылы жазылған «Елім-ай» дастаны туралы кезінде қазақ оқымысты-ғалымдары мен ақындары Ыбырай Алтынсарин, Ермұхан Бекмаханов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев пікір білдіріп, тарихи жазбаларында қалдырып кеткен. Бертінде қазақтың көрнекті ғалымдары, академиктер Манаш Қозыбаев, Салық Зиманов, Серік Қирабаев, Аманкелді Айталы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама жасап, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жазды. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанын орыс халқының «Игор жорығы туралы жыр» және қырғыздың «Манас» эпостық жырларының деңгейіндегі көркемдігі жоғары шығармалардың қатарына жатқызды.

«Алаштың алты ұлының бірі қазақ, Жұрт еді қайырымды салты гажжап. Тілеймін жалбарынып Жаратқаннан, Халқымды еткізбе деп жауға мазақ...



Танытып сарбаздарға оң мен солын, Басқардым Керей-Уақ, Татар қолын. Қалдық деп бір күн өліп, бір күн туып, Бөседік ұрыс салып дұшпан жолын», – деп басталатын «Елім-ай» дастанының жыр шумақтары Қожаберген жыраудың ел намысын жоғары қойған отжүректі, туған

халқының қамын ойлаған батыр тұлғалы жан екенін дәлелдейді. Дастанның әр шумағы сол қиын-қыстау кезеңде халқымыздың бірлігі мен ынтымағының берік болуын, жұдырықтай жұмылғанда ғана кең байтақ жері мен байлығына көз алартқан сыртқы жаулардың ала алмайтынын жырға қосты.

«Жер алу жоңғарлардың есіл-дерті, Мықты екен Ресеймен еткен серті. Көбейді қалмақтардың үсті-үстіне, Әр жерде қайта-қайта салған өрті.

Өнерді надан қалмақ меңгерген жоқ, Дәу мылтық жасауды олар үйренген жоқ. Көрші екі ел мылтық беріп айдап салды, Әйтпесе, қалмақ бізге тең келген жоқ».

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» негізгі тарауы замана зарын, халқымыздың мұң-мұқтажын эпикалық кең ауқымда суреттеген эпостық жырлардың қатарынан ойып орын алатын, көркемдік деңгейі жоғары шығарма болып табылады. Дастанның өн бойы ұғынықты, қазақтың бай да, шұрайлы көркем тілімен жазылғандықтан оқиға желісі нанымды оқылып, еріксіз жетелеп отырады. Кітапқа енген ақынның насихат өлеңдері де тағылымдық және тәрбиелік жағынан құнды болып келеді.

Кітапты құрастырушы және кең ауқымды жоба жетекшісі «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор Бекет Тұрғараев.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Бізге іргелес жатқан Жерұйық өлкеден, яғни Жетісу облысынан ақжолтай хабар жетті. Қазақ баспасөзінің атасы, жарық көріп келе жатқанына биыл 105 жыл толған Жетісу облыстық «Jetisy» газетінің бас редакторлығына Жұматай Оспанұлы тағайындалды.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
ІЗІ ҚАЛҒАН

«Jetisy» газетіне жаңа басшы келді

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың жергілікті халықпен кездесуінде білікті кадрларды алыстан емес, жергілікті жерден, сол өңірдің тыныс-тіршілігімен біте қайнасып өскен азаматтардың арасынан іздеу керек дегені де есімізде. Міне, қазақтың көнекөз басылымының қазанында жиырма жылдан астам уақыттан бері бірге қайнап, сол газетпен бірге жасасып, журналистиканың әр сатысын басып, сатылап өсіп келе жатқан әріптесіміз Жұматай Оспанұлына жаңа міндет жүктеліпті.

Қос ғасырдың куәгері – «Jetisy» газеті күні кеше 105 жасқа толды. Алғашқы саны 1918 жылдың 21 маусымы күні «Жетісу ісші халық мұқбыры» деген атпен жарық көрген. Онда Алаш арыстарының, ұлт зиялыларының ізі, қолтаңбасы қалған. Ал газетке «Жетісу» аты осыдан аттай 60 жыл бұрын берілген болатын. «Жетісу» бертінге дейін ұзақ жылдар біздің Алматы төрінде шығып тұрды. Республикаға танымал «мен» деген журналист, қаламгердің талайы осы басылымынан қанат қақты, «Жетісу» деген үлкен мектептен өтті. Демек, Жұматай Оспанұлының мойнына бабалар аманаты мен алдыңғы толқын ағалар сенімі жүктеліп отыр.

Ол тек жергілікті өңірге ғана емес, республикаға танымал тұлға. Бір бойына бірнеше қасиетті жиып алған жігіт ақын да, актер де. Әншілігі тағы бар. Журналистігі мен жазушылығы бір төбе. Ең бастысы – қарапайым ғана Азамат. Жүрегі кең. Мейірімді. Иманды. Көп баланың әкесі. Алысты алааламайтын, жақынын жараламайтын дипломат. Кішіге аға, үлкенге іні, қатарласына жолдас бола алатын, адами қасиеті биік жігіт. Ал мұндай келбет басшы адамға ауадай қажет.

Кешелі бері әлеуметтік желі беті Жұматай әріптесімізді құттықтап шын қуанған ағайынның ақжарма тілегіне толып кетті. Демек, жергілікті газетке лайықты басшы келді деп білеміз. Мұндайда біз қалайша қарап қалайық. Құттықтаймыз! Абыройлы, ақжүзді болғын, әріптес! Қазақ баспасөзін биікке көтере беріңіз.

Жұма күні облыстағы республикалық БАҚ өкілдері және облыстық телеарна мен газет қызметкерлерінің салтанатты жиынында аймақ басшысы Бейбіт Исабаев «Jetisy»-дың 105 жылдығына орай темір тұлпардың кілтін табыс етті.

«АҚШАМДЫҚТАР».

ТҰСАУКЕСЕР

КІТАП
ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ
ӨТТІ


Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінің ескі түрікше түпнұсқасы проза үлгісінде аударылып, көпшілік оқырманға ұсынылды

Алматы қаласының Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында PhD доктор, Анкара Қажы Байрам Вели университеті Түрік фольклоры кафедрасының аға оқытушысы, жерлесіміз Бекарыс Нұримановтың «Құтадғу білік» аудармасының таныстырылымы өтті.

Жиынға белгілі фольклортанушы, әдебиетші, гуманитария саласының мамандары қатысып, келелі ойларды ортаға салды. Шетелдегі қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейту мәселелері сөз болды. Модераторлықты жас зерттеуші Нұр Мағазбеков қолға алды.

«Мың жыл бұрын ел билеген ерлердің тәжірибесі» атты жаңа жинақты жерлесіміз Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінің ескі түрікше түпнұсқасынан проза үлгісінде аударып, көпшілік оқырманға ұсынып отыр. «Құтадғу білікті» аудару жұмысы XIX ғасырдың соңына таман басталды. Бүгінге дейін неміс, түрік, өзбек, ағылшын, қытай, ұйғыр, қазақ, қырғыз, әзербайжан және тағы басқа да тілдерге аударылды. Оның ішінде өлең түрінде де, қарасөз түрінде де тәржімаланғандары бар. Бұл шығарманың қазақ тілінде төрт аудармасы бар. Біріншісі Асқар Егеубаевқа, екіншісі Әбжан Құрышжанұлына, үшіншісі Берікбай Сағындықұлына, төртіншісі Бекарыс Нұримановқа тиесілі. Алғашқы екеуі өлең түрінде, кейінгі екеуі – жолма-жол мағыналық аударма.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.





Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 шіздедегі №2/220-382 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Су құбыры және көріз желілері құрылысы үшін Бауржан Сенттаевич Аденовтың Алматы қаласы, Мелеу ауданы, Шоқай көшесі, 119/2 мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-916-402) жалпы ауданы 0,0643 га жер учаскесінің ауданы 0,0079 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің бөлігін меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 шіздедегі №2/220-383 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Көріз суларды айдау станциясының құрылысы үшін Ибиб Абдулакимович Избакиетің Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Зубарев көшесі, 5-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-041-003) жалпы ауданы 0,1142 га жер учаскесінің ауданы 0,0476 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің бөлігін меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 шілде №2/220-384 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Құбыр көлігі объектісі құрылысы үшін Людмила Макаровна Доспаеваның Алматы қаласы, Мелеу ауданы, «Зеленстрой» бағандық серіктестігі, 56 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-914-154), ауданы – 0,0924 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 шілдедегі №2/220-385 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануындағы объект (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін Алматы қаласының Мелеу ауданы, Рубинштейн көшесі, 44-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмері 20-315-02-187) ауданы 0,1471 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 шілдедегі №2/220-386 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 наурыздағы №1/1-219 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 наурыздағы №1/1-219 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
5	Лиров Леджеб Харович	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85	20-321-016-046	жалпы - 0,1300 үлесі - 0,0244

».

- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

ХАБАРЛАНДЫРУ

№ п/с	Медициналық ұйымдар атауы	Занды мекенжайы/орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Алматы онкологиялық орталығы» КМК	050060, Бостандық ауданы, Отепов к-сі, 3-үй
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» КМК	050040, Бостандық ауданы, Манас к-сі, 40-үй
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «ҰОСА қалалық емхана» КМК	050012 Алмалы ауданы, Амангелді к-сі, 41-үй
4	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№18 қалалық емхана» КМК	050052, Өуезов ауданы, «Таутұл-3» ш/а, Токтаров к-сі, 10-үй
5	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№22 қалалық емхана» КМК	050065, Алатау ауданы, «Шаңырақ-2» ш/а., Жанқожа батыр к-сі, 193-үй
6	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№25 қалалық емхана» КМК	050024, Алатау ауданы, «Дархан» ш/а., Х.Алтай к-сі, 24/1 үй

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
 - денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
 - денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.
- Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:
- өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
 - осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;
 - байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: ҚР, 050006, Алматы қ., Алмалы ауд., Сейфуллин көшесі, 555, тел.: 8 (727) 228-80-05, каб. 308, заң бөлімі 3-кабатта.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 24 маусым.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 24 шілде.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбір-текті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы: Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
 тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
 тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
 тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
 тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
 тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
 тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА
 Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
 тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
 тел: 293-08-12.
 e-mail: d_ kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
 e-mail: dalemesh@vecher.kz
 тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық бассылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
 Мекенжайымыз:
 Индекс: 050022.
 Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

	www.instagram.com/aqshamy.official		www.facebook.com/aqshamy.official		www.youtube.com/channel/UCkx3M2xrJCxh68r1lggyqeA		web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz		vk.com/aqshamy.official		twitter.com/aqshamy_kz
--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---



ТУРНИР

ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ПОЛИЦЕЙЛЕР

жасыл алаңда әдемі ойын өрнегін көрсетті

23 маусым – Қазақстан полициясы күні мен 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай дәстүрге сай «Динамо» кубогы үшін БАҚ өкілдері мен полиция қызметкерлері арасында шағын-футболдан турнир өтті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Динамо» стадионында өткен турнир шымылдығы Әнұранмен ашылып, ол ойынға қатысуға делебесі қозып даяр тұрған әріптестерге одан әрі шабыт, күш қосқандай болып көрінді бізге. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі М.Ахметжановтың тапсырмасымен қос төл мерекеге орай өткізіліп жатқан спорттық іс-шараны ПМ Алматы академиясының бастығы, полиция генерал-майоры А.Сайтбеков ашып, футболсүйер ойыншыларға сәттілік тіледі.

– Спорт – ұжымды біріктіретін, достықты нығайтатын, ойды сергітетін керемет құрал. Аталған турнирдің екі ұйым арасындағы өзара ынтымақтастық пен серіктестікті нығайтуға зор ықпалын тигізері сөзсіз, – деді генерал А.Сайтбеков.

Жарысқа біздің «Alatau aqparat» медиахолдингіндегі әріптестерімізден жасақталған «Alatau aqparat» командасымен бірге, Ішкі істер министрлігінің ардагерлері, полиция қызметкерлері, Алматының басқа да БАҚ

өкілдері, ПМ-не қарасты Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының құрама командалары қатысты.

Екі тараптың өкілдерін салыстырар болсақ, екеуі де уақытпен санаспайтын биік мәртебелі мамандық иелері. Дәлірек айтсақ, бірі – күндіз-түні ақпарат таратады, ал екіншісі – 24 сағат біздің қауіпсіздігімізді, тыныштығымызды күзететін жандар.

Сайдың тасындай іріктеліп алынған кілең «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер жасыл алаңда барын салды. Теңбіл допты көз ілеспес жылдамдықпен бірінің аяғынан бірі іліп әкетіп, ойын көрігін қыздырды. Ойыншыларға күннің ыстығы да кедергі бола алмады. Журналистер мен полиция мамандары кәнігі футболшы болмаса да, оларға да сергектік, жылдамдық, жеделдік тән. Олар мамандығына сай шеберлігін шаршы алаңда тағы бір шыңдағандай.

Тартысты өрбіген кездесуде 1-орынды «Қаламгер» әдеби-танымдық порталының өкілдері, 2-орынды ПМ Алматы академиясының құрама командасы иеленсе, 3-орын «Динамо» құрама командасына бұйырды.

Жеңімпаздар медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ең бастысы, достық жеңіске жетті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ОТАН ҚОРҒАУ

Қазақстан Қарулы күштерінің қатары толықты. Бүгін Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Орталық спорт клубының жеке құрамы салтанатты түрде әскери ант қабылдады.

Осылайша спортшылар ротасына 13 сарбаз қосылды. Қазақстанның сан қиырынан келгендердің қатарында түрлі халықаралық турнирдің, Азия ойыны мен әлем чемпионаттарының жүлдегерлері бар.

«Бүгін еліміз үшін атаулы күні ант қабылдау – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл бәрімізге ерекше жауапкершілікті талап етеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери спорттық туын әрдайым биікте ұстауға, Қазақстан Республикасының

Әнұранын, Көк Туын көкте желбіретуге уәде береміз», – деді мерзімді қызмет сарбазы Рауан Алтынбек.

Аталған іс-шараға қатысқан Спорт комитетінің төрағасы мен ардагерлері, сондай-ақ ата-аналар сарбаздарға тілегін айтып, сын сағатта сыр бермей, Отан алдындағы борышты абыроймен атқаратындарына сенім білдірді.

«Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы мен Қорғаныс министрлігінің қолдауымен осындай керемет жас буындарға ресми ант қабылдау іс-шарасын өткізіп, тамашалап отырмыз», – дейді Қорғаныс министрлігі Спорт комитетінің төрағасы Арман Әбеуов.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

